**05.01.2025 ж. жағдайы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша берілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:**

Сатып алу департаменті (СД), Заң департаменті (ЗД) – іс-шаралар жоспарының тармағын орындау құзыретіне жататын бөлімшелер.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі:**

Қордың Басқарма Төрағасының 15.01.2024 ж. №46 бұйрығына сай 2024 жылғы 1, 3-тоқсандар.

**Сараптамалық анықтамаға қол қойылған күн:**

12.02.2024 жылғы 2023 жыл үшін «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелері қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесі туралы №1 сараптамалық анықтама; 31.07.2024 жылғы 2023 жыл үшін «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелері қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесі туралы №3 сараптамалық анықтама.

Осы Ақпаратта **алдағы кезеңде орындау мерзімімен** сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша берілген ұсынымдар туралы, **сондай-ақ 2024 жылғы 4-тоқсанда орындалған ұсынымдар туралы** деректер келтірілді. Орындалуына қарай басқа ұсынымдар бойынша деректер сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша ұсынымдарды орындауға мониторинг жүргізудің бұрын қалыптастырылған нәтижесінде баяндалды.

**2023 жыл үшін «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелері қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесі бойынша ұсынымдар**

| № р/р | Ұсыным | Іс-шаралар жоспарына сай аяқтау нысаны | Ұсынымның орындалуы туралы ақпарат |
|---|---|---|---|
| **№1 сараптамалық анықтама** | | | |
| 2. | Сатып алатын тауарлар/жұмыстар/қызметтер бойынша деректердің бюджеттік өтінімде бұрын жоспарланған деректерге сәйкес келмеу тәуекелдерінің, сол сияқты сатып алатын тауарлар/жұмыстар/қызметтер мақсатқа сай болмаған жағдайларда, сатып алу туралы шарт бойынша соманың уақытылы азаймауына байланысты Қорға нақты залал тәуекелдерінің алдын алу мақсатында «БЖЗҚ» АҚ-да тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді электрондық сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидасына тиісті толықтырулар енгізу ұсынылады. | ІНҚ-ға өзгерістер / толықтырулар әзірлеу және уәкілетті органның қарауына шығару. СҚКБ-ге ұсынылған ІНҚ шығару туралы қызметтік жазба | **29.11.2024 ж.** кешіктірмей<br><br>Басқарма төрағасының 07.08.2024 ж. №503 бұйрығымен: ІЖ 2-тармағы бойынша «31.07.2024 ж. кешіктірмей» орындау мерзімі «29.11.2024ж. кешіктірмей» болып өзгертілді.<br>**Орындалды:** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Жауапты орындаушы: СД | СД 18.11.2024 ж. «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының қарауына «БЖЗҚ» АҚ-да тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидасына өзгерістерді шығару туралы қызметтік жазба жолдады |
| **№3 сараптамалық анықтама** | | | |
| 2. | Құқықтық олқылықты болдырмау мақсатында «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 24.10.2023 жылғы №79 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да талап-арыз жұмысын жүзеге асыру қағидасын зейнетақы активтерін басқару барысына жұмылдырылатын контрагенттерге қатысты талап-арыз жұмысын жүзеге асыру мүмкіндігі бөлігінде нормалармен толықтыру ұсынылады. | ІНҚ-ға өзгерістер / толықтырулар әзірлеу және уәкілетті органның қарауына шығару. СҚКБ-ге ұсынылған ІНҚ шығару туралы қызметтік жазба Жауапты орындаушы: ЗД | 31.03.2025ж. кешіктірмей. |

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс басқармасының бастығы А. Жукенова